CENTER FOR REGIONAL & LOCAL DEVELOPMENT

ТАЛДАМАЛЫҚ ЖАЗБА

ReaLDev Policy Note № 2 · 2026 жылғы қараша

Сабина Садиева, Бауыржан Едгенов, Бибіжамал Амангелді Center for Regional & Local Development

Жергілікті қоғамдастықтан жергілікті өкілдікке: ірі ауылдық округтерге дербес мәслихат қажет пе?

Сайланбалы әкімі және өз бюджеті бар өсіп келе жатқан ауылдық аумақтар неге өкілді органсыз қалып отыр?

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

- Соңғы онжылдықта ауылдық округ өз бюджетіне (IV деңгейдегі бюджетке), сайланбалы әкімге және тұрғындардың басқару ісіне қатысу мүмкіндіктеріне ие болды. Алайда ауылдық окркгтің өз өкілді органы әлі де жоқ: бюджетті аудандық мәслихат бекітеді.
- Сұхбат нәтижелері ауылдық округтердің көлеміне қарай жергілікті қоғамдастықпен өзара қарым- қатынастың үш үлгісін айқындайды: шағын ауылдарда тұрғындармен тікелей байланыс, орташа округтерде қатысудың жүйелі нысандарын қолдану және халқы 10–15 мыңнан асатын ірі округтерде өкілдік байланыстың әлсіреуі.
- Бұл мәселе бес түрлі жағдай арқылы көрініс табады: мәслихат жұмысының тоқсандық кестесі мен күнделікті туындайтын мәселелер арасындағы алшақтық; аудандық мәслихат депутаты мен тұрғындар арасындағы қашықтық; бюджетке қатысты шешім қабылдау өкілеттігінсіз қоғамдық қатысу; округ құрамындағы ауылдардың тең дәрежеде өкілдік етпеуі; әкімнің тұрғындармен жеке қарым-қатынас орнату мүмкіндігінің шектеулілігі..
- Халқы 15 мыңнан асатын ірі ауылдар мен 30 мыңнан астам тұрғыны бар бірнеше ауылды біріктіретін округтерде бюджет, өкілдік және бақылау өкілеттіктері берілген дербес сайланбалы мәслихат құру тәжірибесін пилоттық негізде енгізу ұсынылады.
- Бұл эксперимент өкілдікті дамыту мәселесін ауылдық елді мекенді қала мәртебесіне ауыстыруға байланысты қомақты шығындардан бөлек қарастыруға мүмкіндік береді: аумақ өзінің ауылдық мәртебесін және соған байланысты қолдау шараларын сақтап қалады.

Зерттеу туралы

Талдамалық жазба Алматы облысы мен Жетісу облысындағы ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдері және әкім аппараттарының қызметкерлерімен жүргізілген тереңдетілген сұхбаттар негізінде әзірленді. Барлық респонденттердің жеке деректері құпия сақталған: елді мекендердің атаулары көрсетілмейді, ал халық саны мен өзге де көрсеткіштер жуықталып берілген.

Қысқаша түйін

Шамамен он жыл ішінде Қазақстан орталықсыздандырылған басқарудың өзара байланысты үш құрамдас бөлігін жергілікті деңгейде біртіндеп қалыптастырды: жергілікті бюджет, әкімдерді тікелей сайлау және жергілікті қоғамдастықтың басқару ісіне қатысу жолдары. Реформаның ауқымы тек географиялық қамтуымен ғана емес, өзгерістердің тереңдігімен де ерекшеленді: ауылдық округ бір мезгілде дербес бюджеттік бірлікке, сайлаушылар алдында тікелей есеп беретін әкімнің қызмет ету аумағына және тұрғындардың басқару ісіне тікелей қатысу кеңістігіне айналды.

Жазбаның негізгі сұрағы: қолданыстағы жергілікті саяси өкілдік жүйесі орталықсыздандыру нәтижесінде қалыптасқан қоғамдастықтардың ауқымы мен сипатына қаншалықты сәйкес келеді?

Халқы аз жеке аудан әкімшілік мәртебесі бойынша мәслихатқа ие бола тұра, сайланбалы әкімі және өз бюджеті бар ірі ауылдық округтің өз мәслихаты неге жоқ?

Тереңдетілген сұхбаттар негізінде біз қолданыстағы модельдің белгілі бір шектеуін көрсететін бес жағдайды бөліп көрсетеміз: (1) жедел бюджеттік шешімдердің аудандық мәслихат сессияларының кестесіне тәуелділігі; (2) округ мүдделерінің аудандық деңгейдегі депутаттар арқылы шектеулі өкілдігі; (3) тұрғындардың басымдықтарды айқындауға қатысуы мен түпкілікті бюджеттік шешімдердің қабылдануы арасындағы алшақтық; (4) бір округ құрамындағы жекелеген ауылдардың өкілдік деңгейінің әркелкі болуы; (5) қоғамдастық көлемі ұлғайған сайын әкімнің тұрғындармен тікелей өзара іс-қимылы тиімділігінің төмендеуі.

Халқы 15 мыңнан асатын ірі ауылдар мен халқы 30 мыңнан асатын бірнеше ауылды қамтитын ауылдық округтерде бюджеттік, өкілдік және бақылау өкілеттіктеріне ие дербес сайланбалы мәслихат құру ұсынылады. Бұл модельді аталған аумақтарда пилоттық жоба ретінде сынақтан өткізу көзделеді.

Контекст

Қазақстандағы қазіргі орталықсыздандыру үдерісі кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. 2010 жылдардағы реформалар жергілікті деңгейде шешілетін мәселелер аясын кеңейтіп, жергілікті қоғамдастық жиындары мен жиналыстары институттарының қалыптасуына негіз қалады. 2017 жылғы заңнамалық өзгерістер 2018–2020 жылдары енгізілген төртінші деңгейдегі бюджеттің қалыптасуына жол ашты. Ал 2021 жылы ауыл әкімдерін тікелей сайлау енгізілді. Бұл өзгерістер мемлекеттік басқарудың тік құрылымын жойған жоқ, алайда ауыл әкімінің басқару жүйесіндегі рөлін түбегейлі өзгертті: тұрғындар алдында ол сайланған басшы ретінде, бюджет жүйесінде бағдарламалардың әкімшісі ретінде, ал аудан деңгейінде атқарушы билік иерархиясының құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді.

Нәтижесінде мазмұнды жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға алғышарттар қалыптасты: тұрғындар енді тек басшыға өтініш білдіріп қана қоймай, шығынтарды қалыптастыруға қатыса алады, бюджеттің орындалуын бақылайды және әкімнің қызметіне саяси тұрғыдан баға бере алады. Алайда бұл үдерістің соңғы кезеңі, яғни жергілікті тұрғындардың сұраныстарын заңды күші бар бюджеттік шешімдерге

айналдыру тәртібі қалай ұйымдастырылған деген мәселе туындайды.

Ауылдық округте сайланбалы әкім қызмет етеді, алайда оның өз мәслихаты жоқ. Бюджетті бекіту және оған елеулі өзгерістер енгізу аудан деңгейінде жүзеге асырылады. **Бір жергілікті қоғамдастыққа қатысты өкілдік және атқарушы билік функциялары институционалдық тұрғыдан әртүрлі аумақтық деңгейлерге бөлінген.** Шағын аумақтарда бұл алшақтық жеке байланыстар арқылы бәсеңдесе, ірі аумақтарда ол дербес ұйымдастырушылық мәселеге айналады.

Жергілікті қоғамдастықпен өзара әрекеттесудің үш режимі

Ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдерімен жүргізілген сұхбаттар аумақтың көлеміне қарай ерекшеленетін, жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасаудың үш тұрақты үлгісін айқындауға мүмкіндік береді

Шағын ауылдар 1–1,5 мың тұрғынға дейін	**Тікелей байланыс:** жеке өтініштер, ауыл чаттары, әкіммен күнделікті қарым-қатынас.
Орташа округтер ≈ 3–6 мың тұрғын	**Қоғамдастықтың ұйымдасқан түрде қатысуы:** жергілікті қоғамдастық жиындары мен жиналыстары, көше өкілдері және ақсақалдар кеңестері.
Ірі округтер 10 мыңнан астам тұрғын	**Өкілдік алшақтығы:** ондаған мың тұрғыны бар аумақтарда жергілікті қоғамдастық жиындары мен жеке байланыстар тұрғындардың мүдделерін толық білдіру үшін жеткіліксіз.
Ұсынылатын пилот 15 / 30 мыңнан астам	**Өз сайланбалы мәслихаты:** 15 мыңнан асатын ірі ауыл немесе 30 мыңнан асатын көп ауылды округ.

1-сурет. Әкімнің жергілікті қоғамдастықпен өзара әрекеттесуінің үш режимі халық санына байланысты және пилоттық мәслихаттар үшін ұсынылатын шектер. Дереккөз: сұхбат материалдары негізінде авторлар құрастырған.

Шағын ауылдар мен округтерде (1–1,5 мың тұрғынға дейін) тікелей өзара қарым-қатынас басым: әкім халықтың едәуір бөлігін жеке таниды, ал негізгі коммуникация арналары — жеке өтініштер, ауыл чаттары және күнделікті байланыстар.

Орташа көлемді округтерде (негізінен 3–6 мың тұрғын) қатысудың неғұрлым құрылымдалған жүйесі қалыптасады: жергілікті қоғамдастық жиындары мен жиналыстары, көше өкілдері, ақсақалдар кеңестері және тұрғындардың басқа да бірлестіктері. Бұл тәсілдер жергілікті басымдықтарды өзара келісуге және әкім мен тұрғындар арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

> *«Негізі менде [бірнеше ондаған] көше ғой, сол көшелерден [одан сәл көбірек] адам сайланған. Сосын өздері бір-бірін дауысқа салды, солардың ішінен [он шақты] адам іріктеп шығарды. Мысалы, [бірнеше мың] адамның 1%-ы қауымдастық кеңесі бола алады. Олар бюджетті қарайды».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Жетісу облысы

> *«Негізі ақсақалдардан көрі қоғамдастықтың рөлі күшті. Қоғамдастық жиналыс ашып, олардың қабылдаған қаулысы күшті. Ал ақсақалдардың қаулысының күші жоқ, өйткені ертең күні ақсақалдың өзі сөзінен тайып кетуі мүмкін. Өйткені ақсақалдар кеңесі — заңды тұлға емес».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Жетісу облысы

Ірі ауылдық округтерде (10 мыңнан астам тұрғын), әсіресе жылдам өсіп келе жатқан қала маңындағы аумақтарда, жергілікті басқарудың ауқымы ғана емес, сипаты да өзгереді. Тұрғындармен тікелей байланыс орнатудың дәстүрлі тәсілдері енді халықты жеткілікті деңгейде қамти алмайды. Өтініштер санының артуы, мүдделердің әртүрлілігі және инфрақұрылымдық мәселелердің күрделенуі саяси өкілдіктің неғұрлым дамыған тәсілдерін қажет етеді.

Халқының саны, экономикалық әлеуеті және инфрақұрылымдық мәселелерінің күрделілігі жағынан ірі ауылдық округтер шағын қалаларға жақындай түсуде. Көші-қон, жаңа тұрғын үй алаптарының пайда болуы, саяжай аумақтары, коммуналдық желілердегі апаттар, мектептердің шамадан тыс жүктелуі, сондай-ақ тіркелген және нақты тұратын тұрғындар санының арасындағы айырмашылық жыл бойы күн тәртібінен түспейтін мәселелерді қалыптастырады. Мұндай жағдайда әдеттегі жиын ондаған мың адамның мүдделерін білдірудің негізгі тәсілі бола алмайды.

> *«Статистика деректері бойынша ауылдық округте [50 мыңға жуық] адам тұрады. Ал шын мәнінде мұнда әлдеқайда көп адам тұрады, бізде кептеліс қаладағыдан да жаман. Кейбір деректер бойынша округте [екі есе көп], ал басқалары бойынша 100 мыңнан астам адам тұрады».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма)

×2

әкімнің бағалауы бойынша қала маңындағы ірі округтердің бірінде халықтың ресми және нақты саны арасындағы айырмашылық

«Ауылдық округ» деген әкімшілік санаттың өзі қазіргі кезде жергілікті деңгейдегі міндеттердің нақты мазмұнын толық ашпайды. Сұхбаттарда үш ауысыммен оқытатын мектептер, коммуналдық және көлік инфрақұрылымына түсетін жүктеме, инфрақұрылымды қаржыландырудағы қиындықтар және тіркелмеген тұрғындар санының артуы сияқты мәселелер аталады.



2-сурет. Алматы облысы — зерттеуге қамтылған ең ірі қала маңындағы ауылдық округтер орналасқан өңір. ☆ — облыс орталығы (Қонаев); ● — Алматы қаласы. Шекаралар шартты түрде көрсетілген. Дереккөз: geoBoundaries және Natural Earth деректері негізінде авторлар құрастырған.

Бес мысалдық сценарий

1. Аудандық мәслихаттың күнтізбесі жергілікті мәселелердің жилігімен сәйкес келмейді

Ең айқын мәселе — жергілікті қажеттілік шұғыл әрекет етуді талап еткен жағдайда да, бюджетті өзгерту үшін сессияның өтуін және тиісті рәсімдердің аяқталуын күту. Үлкен ауылдық округтерде мұндай жағдай жекелеген оқиға емес, үнемі қайталанып отыратын мәселе болып табылады.

> *«Біз мәслихат сессиясын үш ай күтеміз. Мысалы, қазір су тасқыны болып жатыр, бізге қазір қаражат керек, бірақ олар бекіткенше бәрі өзектілігін жоғалтады».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма)

> *«Бізде үнемделген қаражат болды, мектептің алдындағы жолды шұңқырлы жөндеуден өткізгіміз келді. Бір бағдарламадан екіншісіне ауыстыруға рұқсат беруі үшін мәслихаттың қазан айындағы сессиясын күтуге тура келді. Қысқасы, жөндеуді қарашада жасауға тура келді».*
> — Ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма)

> *«Бізде бәрі мәслихат сессиясында бекітіледі. Тоқсанына бір рет отырып, бізге қашан береді деп күтеміз».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма)

Әкімдер мұндай мәселелерді кемінде айына бір рет қарауды ұсынады. Бұл пікірлер жоспарлы тоқсандық бюджет циклі мен жергілікті мәселелерді күнделікті шешу қажеттілігі арасындағы қайшылықты айқын көрсетеді.

2. Аудандық депутат нақты округтің күнделікті мүдделерін әрдайым білдірмейді

Екінші алшақтық ауылдық округ халқы мен бюджетті бекітетін өкілді орган арасындағы қашықтыққа байланысты. Белгілі бір аумақтан депутаттың болуы оның сол жердің инфрақұрылымын, аумақтық ерекшеліктерін және ішкі қайшылықтарын жеткілікті деңгейде білуіне әрдайым кепіл бола алмайды.

> *«Елестетіп көріңізші: әр округтен бір депутаттан сайланады. Онда бірнеше депутат отырады, ал сіздің округтен тек бір өкіл. Ол, кешіріңіз, заң бойынша осында тұруы керек. Қай депутат өз округінде тұрады, көрсетіңізші».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма)

> *«Ол ішкі мәселені қайдан білсін? Маған мұнда не керек екенін қайдан білсін? Мен онымен үнемі кездесе де алмаймын. Оның да өз шаруасы, менің де өз шаруам бар».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма)

3. Халықтың қатысуы мен бюджет жөніндегі билік институционалдық тұрғыдан ажыратылған

Жиындар мен кездесулер нақты мақсатты көздейді: сұраныстарды жинайды, қоғамдық күтулерді қалыптастырады, әкімді шектеулерді түсіндіруге мәжбүрлейді. Алайда тұрғындардың ұсыныстары бірден бюджеттік шешімге айнала бермейді. Жергілікті күн тәртібіндегі мәселелер аудандық келісу жүйесі арқылы қаралады. Бұл ретте тұрғындар басымдықтардың қай кезеңде және қандай себептермен өзгеретінін әрдайым қадағалай алмайды.

> *«Адамдар келіп, пікірін айтады, сен оларға уәде бересің, сол уәделердің негізінде бюджеттік өтінім қалыптастырасың».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма)

Мәселе тек жергілікті қауымдастықтың шешім қабылдау өкілеттіктерімен қамтамасыз етілмеуінде ғана емес. Халқы көп әрі қаржылық тұрғыдан өзін-өзі қамтамасыз ете алатын ірі ауылдық округтерде нақты жергілікті дербестікті қалыптастырудың негізгі алғышарттары әлдеқашан қалыптасқан. Олардың қатарында халық санының көптігі, меншікті кіріс базасының болуы, жеке бюджетінің қалыптасуы және тұрғындар алдында саяси жауапкершілік арқалайтын сайланған әкімнің болуы бар. Соған қарамастан, бюджеттің негізгі мәселелері әлі де аудан деңгейінде шешіледі. Яғни жергілікті қауымдастық өз қажеттіліктерін айқындайды, оның аумағында салық түсімдері қалыптасады, алайда бұл қаражатты пайдалану жөніндегі түпкілікті шешім жоғары деңгейдегі өкілді органның құзыретінде қалады.

Халық саны едәуір және қаржылық дербестік жеткілікті болған жағдайда бюджеттік келісулерді жеделдетіп қана қоймай, жергілікті дербестік аясын кеңейту қажеттілігі туындайды.

4. Көп ауылды округ: орталықтың өкілдігі бүкіл аумақтың өкілдігіне тең емес

Бірнеше елді мекенді біріктіретін ауылдық округтердегі жергілікті кеңестер мен жиындардың құрамы да ерекше назар аударуды қажет етеді. Округ тұрғындары жалпы алғанда белсенді болғанымен, ортақ басымдықтарды айқындау кезінде оған кіретін көршілес ауылдардың ықпалы айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

> *«Менде [он шақты] адам бар. […] Бәрі осы жерден, [шағын] ауылдан бір ғана адам. Бұл шағын ауыл, онда [бірнеше жүз] адам тұрады».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма); қысқарту төртбұрышты жақшамен белгіленген

Ортақ бюджетте бірнеше ауылдың өкілдігін қалай қамтамасыз етуге болады? Зерттеуге қамтылған көп ауылды округтер бұған айқын мысал: олардың бірінде ресми тіркелген 50 мыңға жуық тұрғын, бірнеше ауыл және ондаған саяжай алабы бар; екіншісінде — 20 мыңға жуық тұрғын, бес ауыл және бірнеше саяжай алабы.

5. Тікелей есептілік коммуникацияның физикалық шегіне тіреледі

Шағын ауылда әкімнің үнемі қолжетімді болуы — ең басты артықшылық. Алайда мыңдаған үйі, жүздеген көшесі және көптеген жаңа тұрғын алаптары бар ірі ауылдық округте жеке байланысқа негізделген басқару тәсілін сол көлемде сақтау мүмкін емес. Үлкен ортақ чат мәселені жедел анықтауға көмектескенімен, ол өкілдік ету, балама шешімдерді ашық талқылау және тәуелсіз бақылау тетіктерін алмастыра алмайды.

> *«Менде ауыл чаты бар, онда [500-ден астам] адам отыр. Ал менде барлығы [600-ге жуық] аула. Бұл халықтың іс жүзінде 90 пайызы бір чатта. Мен барлық мәселені чат арқылы білемін».*
> — Ауылдық округ әкімімен сұхбат, Алматы облысы (орыс тілінен аударма)

Салыстырмалы түрде шағын округтің өзінде мұндай байланысты сақтау әкімнің тұрғындармен тұрақты түрде жеке қарым-қатынас жасауын талап етеді. Ал халқы ондаған мың адамды құрайтын округте осындай тығыз өзара байланысты қамтамасыз ету іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан мәселе әкімнің ашықтығының жеткіліксіздігінде емес, тұрғындардың әртүрлі әрі кейде өзара бәсекелес сұранысын жүйелеп, ортақ мүдделерді қалыптастыра алатын ұжымдық өкілдік институтының қажеттілігінде.

> *«— Халықпен есепті кездесулер қаншалықты жиі өтеді? — Іс жүзінде айына бір рет. Қабылдау күндерім, мысалы, сейсенбі мен бейсенбі, ал адамдар күн сайын келеді. Адам келіп тұрғанда бас тарта аласың ба? Халық әзірге кестеге үйренген жоқ. Бұл маған көп уақыт алады, ал ағымдағы жұмыс көп — кейін бұл жұмыс сапасына әсер етеді. Кейде түскі үзілісті де алады. Халқымыз да көп: статистика бойынша көп, ал бейресми деректер бойынша одан да көп».*
> — Ірі ауылдық округ әкімімен сұхбат (орыс тілінен аударма)

Ұсыныс: әкімшілік мәртебені өзгертпей жергілікті мәслихат құру

Ұсынылып отырған реформа тағы бір қоғамдық кеңес немесе шартты «протомәслихат» құруды көздемейді. Қазақстанда сайланбалы аумақтық өкілдік институты — мәслихат бар. Мәселе жекелеген ауылдық округтердің айтарлықтай демографиялық өсуі жағдайында оның аудан мен қаланың әкімшілік санатына қатаң байланыстырылуы қаншалықты негізді екендігінде.

Өз сайланбалы мәслихаты үшін пилоттық аумақтар

1. **Халқы 15 мыңнан асатын ірі ауыл** — халық саны мен басқару міндеттерінің қарқындылығы тұрғындардың негізінен тікелей қатысуынан толыққанды саяси өкілдікке көшуді талап ететін дербес елді мекен.
2. **Халқы 30 мыңнан асатын көп ауылды округ** — ортақ бюджеттік шешімдер қабылдау кезінде мүдделері ескерілуі тиіс бірнеше елді мекенді біріктіретін әкімшілік бірлік.

Пилоттық мәслихат **бюджеттік** (жергілікті бюджетті бекіту және түзету), **өкілді** (барлық ауылдар мен тұрғын үй алаптарының мүдделерін білдіру) және **бақылау** (бюджеттің атқарылуын қадағалау және әкімнің есептілігі) өкілеттіктеріне ие болуы тиіс.

Бүгінде ауылдық елді мекеннің өсуін институционалдық тұрғыдан танудың бір тәсілі — оны қала санатына ауыстыру. Алайда бұл шешім әлдеқайда кең салдарларға әкеледі: инфрақұрылымға қойылатын талаптарды қайта қарау, қаржыландыру және бюджеттік жоспарлау тетіктерін өзгерту, сондай-ақ халықтың ауылдық мәртебеге байланысты жекелеген артықшылықтар мен мемлекеттік қолдау шараларынан айырылу ықтималдығы.

Нәтижесінде жергілікті саяси өкілдікті дамыту туралы шешім аумақтың әкімшілік мәртебесін өзгерту туралы әлдеқайда шығынды шешіммен бөгеледі. Қосымша бюджеттік міндеттемелерді ескеру қажеттілігі халық ауқымы басқарудың өзге тетіктерін талап ететін жерлерде де мәртебенің өзгеруін тежеуі мүмкін.

Ұсынылып отырған эксперимент бұл екі процесті ажыратуға мүмкіндік береді. Ірі ауыл немесе ауылдық округ ауылдық мәртебесін сақтайды, бірақ жергілікті бюджет бойынша шешім қабылдай алатын, оның атқарылуын бақылайтын және тұрғындардың мүдделерін білдіретін өз сайланбалы өкілді органын алады. Мемлекет ауылды қалаға айналдыруға ілесетін өзгерістердің тұтас кешенін автоматты түрде іске қоспай-ақ, жергілікті басқарудың сезімталдығы мен есептілігін арттыруға мүмкіндік алады. Жаңа органды құру мен оның жұмысына арналған шығыстарды жеке бағалау керек, бірақ сипаты жағынан олар әкімшілік мәртебені толық ауқымда өзгертумен салыстыруға келмейді.

Мұндай тәсіл аумақтық құрылысты міндетті түрде қайта қарамай-ақ орталықсыздандыру реформасын жалғастыруға мүмкіндік береді:

толық жергілікті саяси өкілдікке ие болу үшін әрбір ірі ауыл қалаға айналуы міндетті емес

Авторлар

Сабина Садиева

Бауыржан Едгенов

Бибіжамал Амангелді

Қаржыландыру

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «Қазақстандағы орталықсыздандыру, жергілікті басқару және өңірлік даму» гранттық жобасы аясында орындалды (жоба жетекшісі — Бауыржан Едгенов).

Ескерту

Осы жазбада баяндалған тұжырымдар, түсіндірмелер мен қорытындылар авторларға тиесілі және Center for Regional & Local Development, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі немесе авторлар аффилиирленген ұйымдардың ресми ұстанымын міндетті түрде көрсетпейді.

Алғыс

Авторлар сұхбатқа қатысуға келісім берген әкімдер мен әкім аппараттарының қызметкерлеріне алғыс білдіреді.

CENTER FOR REGIONAL & LOCAL DEVELOPMENT